

ОӘК: 81`25

КИНОАУДАРМАДАҒЫ ФИЛЬМОНИМДЕРДІҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жакен Күнімжан Ерланқызы

zhakenova.98@bk.ru

Еуразия ұлттық университетінің филология факультетінің аударма теориясы мен практикасы кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Муратова Гульнара Ануарбековна

Киноның атауы кез келген кино өндірісіннің маңызды бөлігін құрайды. Қазіргі уақытта лингвисттер кино атауларын жеке термин ретінде қарастырады. Фильмоним термині ономастикалық терминологиялар қатарына жататын кино атауларына қолданылады. Алғаш рет бұл термин атауларды аудару тақырыбындағы ресейлік диссертацияда Е.В. Кныштың (1992) еңбегінде жарыққа шығып, ұсынылды.[1]. Осы тақырыпты қозғаған зерттеушілер қатарына құрылымдық семантикалық және функционалды прагматикалық саласын лингвистикалық тұрғыдан қарастырған Ю.Н. Подымованы, А.В. Антропова жатқызуға болады.

Қазіргі таңда көптеген ағылшын тіліндегі фильмдердің қазақ тіліне аударылуы тақырып өзектілігін арттырады. Фильмді аудармастан бұрын ең алдымен түпнұсқада берілген атауы

аударылуы тиіс, өйткені фильм атауы маңызды және оның желісі жайында біраз ақпарат береді. Аудармашылар үшін фильмимдердің сауатты және дұрыс аударылуы әлі де үлкен мәнге ие. Маркетинг жағынан алып қарағанда фильмимдердің сәтті аударылуы прокатта фильмнің жетістікке жетуіне өз септігін тигізеді. Киноаудармада сұраныстың жоғары болуына байланысты киноиндустрия саласында жаңа фильмдерді аудару дамып келеді. Бұл өз кезегінде фильмнің атауы мен мазмұнының арасындағы байланысқа назар аударуды және адекватты баламасына талдау жасауды қажет етеді. Фильмимдерді жіктеудің негізіне тақырыптық құрылымы, фильм желісінің мәселесі, кейіпкерлер жүйесі, әрекет ету уақыты мен орны (сипаттамасы) жатады. Фильмимдерінің барлық түрлерінде күрделі семантикасы бар құрылымдар кездесуі мүмкін: бұл символдық, метафоралық, мақал-мәтелдік, дәйексөздік фильмимдер болуы мүмкін. [2]

Лингвистикалық ерекшеліктері, атап айтқанда, құрылымдық және мағыналық, синтактикалық құрылым (яғни тез қабылдау және атауларды еске сақтау мақсатында) прагматикалық тұрғыдан әсер етеді.

Аудару барысында тілдік ерекшеліктерін қарастырсақ, негізгінен ағылшын тілдегі фильмимдерде жиі артикльдердің, «to be» етістігінің формасының, көмекші сөздердің түсіріліп тастауы кездеседі.

Сұрақ белгілерінің, қос нүктелердің және леп белгілерінің болуы өте кең таралған.

Фильмимдер есімшесі немесе герундийі бар сөз тіркестері арқылы көрсетілуі мүмкін.

Ауызекі тіл немесе сленг сөздер жеткілікті таралған.

Аударма кезінде мәнімәтін үлкен мәнге ие. Ол мәдени ерекшеліктері бар фильмимдерін қабылдауды және түсінуді жеңілдетеді. Атаудың бір тілден екінші тілге жақсы ауысуына қол жеткізу үшін фильмнің өзін аударғаннан кейін фильмимді аудару керек.

Бұл әдіс атауды түсінуді айтарлықтай жеңілдетеді. Аударма тіліне фильмимді аудару бұл өте көп уақытты қажет ететін үдеріс. Бұл жанр үшін фильм атауының дұрыс құрылымын таңдау, сонымен қатар тақырыпта кез-келген стилистикалық бірліктер немесе құбылтулар қажет пе, жоқ па, соны шешу өте маңызды.

Прокаттағы фильмдердің көбі шетелдік болғандықтан әртүрлі тілдің ерекшеліктері атаудың толығымен ауыстырылуында байқалады. Қазіргі киноиндустрия саласының қарқынды дамуына байланысты аудармашылардың аударманы сапалы түрде орындауына әкеледі. Бұл өз кезегінде фильмдер атауларының аудармасының талдауына және фильмим терминінің пайда болуына әсер етті. Фильмим жарнамалық функцияны орындайтынын ескере отырып, аудармашы экспрессивті және эмоционалды қызметтерді жүзеге асыруы тиіс. Көрермен түпнұсқа мен аударманы салыстыра отырып, аудармасына назар аударады. Фильмимдердің аудармаларының жиынтық талдауы көрсеткендей, көбінесе өзгерістер шетелдік фильм шығарылатын елдің мәдени және тілдік ерекшелігінің әсерінен болады. Осы тұста фильмимдермен жұмыс жасау кезінде аударма қиындықтарының үш негізгі түрі бар екенін атап айтқан жөн:

Техникалық талаптарға байланысты мәселелер;

Мәдениетаралық коммуникация мәселелері;

Лингвистикалық мәселелер.[3]

Аударматануда трансформацияларды жіктеуде көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың жіктеуі кең қолданыста. Оның ішінде шетелдік ғалымдар Я.И. Рецкердің, Л.С. Бархударовтың, В.Н. Комиссаровтың және отандық А.Қ. Жұмабекованың жіктемесін қарастыруға болады. (1-кесте)

Трансформациялардың жіктемесі 1-кесте

<p>Я.И.Рецкер лексикалық трансформациялардың ішінен жеті ерекшелікті көрсетеді: мағыналардың дифференциациясы; мағыналардың конкретизациясы; мағына генерализациясы; мағыналық даму; антонимдік аударма; толығымен өзгерту; аудармадағы компенсация.</p>	<p>Л.С.Бархударов «аударма» үдерісінде жүзеге асатын барлық өзгертулер трансформациялардың түрлерін төрт типке бөледі. Олар: 1) ауыстыру; 2) алмастыру; 3) қосу; 4) түсіру. Ауыстыруды ол «аударма мәтіндегі тілдік элементтердің орнын (орналасу ретін) түпнұсқа мәтінмен салыстырғанда өзгерту» деп анықтады. Ауыстырылуы мүмкін элементтерге ол мәтіндегі сөздер, сөз тіркестері, күрделі сөйлемдердің бөлшектері (clauses) және жекесөйлемдерді жатқызды. Зерттеуші аударма трансформацияларының ішіндегі ең жиі кездесетін түрі – алмастыруларды, тілаудармада басқа деңгейлерінің айырмашылығын негізге ала отырып, грамматикалық және лексикалық деп бөледі. Грамматикалық алмастырулар тобының ішінен ол сөз пішінінің, сөз таптарының, сөйлем мүшелерінің, күрделі сөйлемдегі синтаксистік ауыстыруларды ажыратады. Лексикалық алмастыру ретінде ол нақтылау, жалпылау және себеп-салдар қатынасына негізделген ауыстыруды қарастырады.</p>	<p>В.Н. Комиссаров трансформацияларды жекелей жекелей жіктейді: Лексикалық : -Мазмұнды (ұғымды нақтылау, ұғымды жалпылау) -Формалды (транскрипция, транслитерация, калькалау) Грамматикалық: -Сөйлемдерді біріктіру-түпнұсқадағы екі не одан да көп сөйлемнен тұратын синтаксистік құрылымды бірітіру; -Сөйлемдерді бөлу-түпнұсқадағы құрмалас сөйлемді жай сөйлемдерге айналдыру; -Грамматикалық алмастырулар- түпнұсқадағы грамматикалық бірліктің аудармада басқа грамматикалық мағынаға ие болуы [4]</p>
--	--	--

Аудармашылар көбінесе фильмдердің атауларын аударғанда үш негізгі әдісті қолданады.

Ең қарапайым әдіс – ағылшын тілінен қазақ тіліне тура аударма. Көбінесе, мұндай аударма стратегиясына мәдени-спецификалық компоненттері аударылмайтын фильм атаулары ұшырайды. Бұл стратегияға ішкі формасы жоқ фильмдерді транслитерациялау және транскрипциялау сияқты аударма әдістері де кіруі керек. Мысалы, 2011 жылдан бері ағылшын тілінен қазақ тіліне дубляждалған фильмдердің атауларын алуға болады.

«Rogue One: A Star Wars Story» - «Күрескер бір. Жұлдызды Соғыстар хикаясы»

«Maleficent» - «Малефисента», «Star Wars: The Force Awakens» - «Жұлдызды соғыстар: Күштің оянуы», «The spider man: Homecoming»- «Өрмекші адам: Қайта оралу»,

«Spectre» - «007: Спектр», «The Amazing Spider-Man 2» - «Жаңа Өрмекші адам: Кернеген қуат», «Cinderella» - Күлбике», «Алиса айнаның арғы бетінде» - «Alice Through the Looking Glass», «The Lone Ranger» - «Жалғыз рейнджерлер», «Guardians of the Galaxy 2» - «Галактика Сақшылары 2», «Men in black 3» - «Қара киімділер 3», «The Jungle Book» - «Джунгли кітабы», «Avengers: Age Of Ultron» - «Кек Алушылар: Альтрон Дәуірі».

Ал мультипликациялық фильмдерге келесідей мысал келтіруге болады: «Ralph Breaks the Internet» - «Ральф интернетке қарсы», «Cars» - «Көліктер», «The Dragon Spell» -

«Айдаһарлардың әміршісі», «Moana» - «Моана», «Monsters University» - «Құбыжықтар университеті», «Rapunzel» - «Рапунцель», «Brave» - «Батыл жүрек», «Zootropolis» -

«Аңдар Шаһары».

Екінші әдіс әртүрлі факторларға байланысты атаудың өзгеруі, атап айтқанда, стилистикалық, прагматикалық, лексикалық және функционалдық. Мысалы, атаудың аудармасы семантикалық бейімделумен қатар жүруі мүмкін, онда сөзбе-сөз аударманың семантикалық немесе жанрлық жетіспеушілігі фильмнің сюжетімен байланысты лексикалық элементтерді ауыстыру немесе қосу арқылы өтеледі. Мысалы, ағылшын тіліндегі «Transformers: Dark of the Moon» қосылу әдісімен қазақ тіліне

«Трансформерлер 3: Айдың қараңғы беті» деп аударылды. Кейбір фильмномимдер аудармасында лексикалық элементтердің қосылуы, когнитивті ақпараттың ауысуы, сөзбе-сөз аударылуы немесе кілт сөздердің енуі арқылы жасалатындықтан жанрлық және мағыналық кемшілігі байқалмайды. Бұл жарнама қызметіндегі фильмномимдерге қатысты. Мысал ретінде: прагматикалық бейімдеу, яғни форенизация әдісін қолдана отырып «Incredibles 2» фильмі «Суперотбасы 2» деп, «Smallfoot» мультфильмі

«Смолфут» деп аударылған.

Фильмонимдерді аудару барысында аудармашыға қойылатын басты талап коммуникативті функционалды құрылымды және семантикалық-құрылымдық тепе- теңдікті сақтап қалу. Аударма тілінің мәдени және әдеби ерекшеліктерін ескере отырып толық ауыстыруды жиі қолданады. Мысалы ағылшын тіліндегі «Hotel Transylvania 3: Summer Vacation» атты фильмномим «Монстрлар демалысы 3: Теңізге саяхат» деп,

«Duck duck goose» атауы «Қамқор Пем» деп тәржімаланған. Мысалдарда аудармашылардың доместикация әдісін пайдаланғандығы байқалады.

Фильмонимдерді аудару барысында басты қолданыстағы әдістер қатарына доместикация, форенизация, сөзбе-сөз, еркін аударма жатады. Осы уақытқа дейін «Болашақ» корпоративтік қорына қарасты «Өзіңнен баста» жобасы негізінде әртүрлі елдердің 160 туындысы қазақ тіліне аударылды. Оның ішінде АҚШ, Германия, Франция, Қытай елдерінің фильмдері бар. Бұл әрі қарай жалғасатын болса, ағылшын тілінен қазақ тіліне тәржімаланған фильмдерді одан әрі тереңірек зерттеуді талап етеді.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау ағылшын тілінен қазақ тіліне фильмномимдерді аударуда негізгі үш әдіс қолданылғандығын көрсетеді. Оның ішіндегі кең таралған және жиі қолданылатын әдіс – тура аударма. Фильм атауларын аударуда өзіндік кемшіліктер мен қиындықтар туындайды. Соған қарамастан отандық аудармашылар фильмномимдерді аудару арқылы көрермендердің атаулы фильмге деген қызығушылығын оята білуі керек.

Аудармашылар фильм атауларын аудару барысында дұрыс әдісті таңдап, көрермен назарын аудартуы тиіс. Нәтижесінде фильмномимдердің аудармасына назар аударған көрермен әсеріненшетелдік фильмдерді қазақ тілінде жеткізу үлкен сұранысқа және жетістікке ие болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кныш Е.В. Лингвистический анализ наименований кинофильмов в русском языке: Диссертация на соискание учёной степени кандидата филологических наук / Е.В. Кныш. – Одесса, 1992. – 191 с.
2. Горшкова В. Е. Название фильма как единица перевода и составляющая образа смысла // Вестн. Перм. политехн. ун-та. Проблемы языкознания и педагогики. 2014. № 10. С. 26–37.Е.
3. Делез Ж. Кино. Издательство: М.: Ад Маргинем. 624
4. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение, М.: ЭТС, 2012 – С. 72-74.